«Қазақ тілі» пәнінен 5-8, 10-сыныптардың білім алушыларын аралық аттестаттау

2023-2024 ОҚУ ЖЫЛЫНЫҢ НЕГІЗГІ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Негізгі орта (5-8-сыныптар), жалпы орта (10-сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жылды аяқтаған соң қазақ тілінен емтихан тапсыру енгізіледі.

(Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 жылғы №96

бұйрығына сәйкес орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру

ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды аттестаттауды жүргізудің үлгілік қағидаларының 35-тармағы 01.09.2023

жылдан бастап қолданысқа енгізіледі. https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2300032306#z13

Білім алушыларды аралық аттестаттау - білім алушылардың оқу жылы аяқталғаннан кейін бір оқу пәнінің бір бөлігінің немесе бүкіл көлемінің мазмұнын игеру сапасын бағалау мақсатында жүргізілетін рәсім.

Қазақ тілі бойынша емтихан қазақ тілінде оқытатын мектептерде

«Қазақ тілі» пәні және орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын мектептерде

білім алушылардың оқу бағдарламасының

мазмұнын меңгеруін бағалау мақсатында негізгі орта (5-8 сыныптар),

жалпы орта (10 сынып) білім беру деңгейлерінде академиялық жыл аяқталған кезде

МЖМБС-қа (тыңдалым (тыңдау), айтылым, оқылым, жазылым) сәйкес жазбаша және

ауызша нысанда өткізіледі.